



Сурет-6. Гиперболалық параболоид кресло

Осы кресло әрі оңай әрі өте қиын болып келеді. Көзге өте жағымды көрінеді, заманауи стандарттарға сай және де қоршаған ортаға ұйқасып оны толықтырады

Marc Fornes / Theverymany жақында Род-Айлендтегі колледждің бейнелеу өнері орталығының кіреберісінде орналасқан ең соңғы мүсіндік қондырғысын, Нураболе, аяқтады. Мүсінді құрайтын жасыл қисықтардың дизайны Нураболе колледж келушілерін қондырғының ішін аралап, қарауға шақырады.



Сурет-7. Род-Айлендтегі тойтарма алюминий мүсіні

Мүсіннің қисықтығы біртұтас құрылымдық жүйе ретінде жұмыс істейтін алюминий элементтерінің қабаттасуымен жасалған. 582 элементтен жасалған және 10 082 тойтармаға біріктірілген алюминий құрылымы күн сәулесінің өтуі үшін перфорацияланған. Марк Форнес / Тверемани тиімді геометриялық негізге негізделген беттік топологияны жасады.

Қорытынды

Қорыта келгенде осы барлық формалар кез келген жерде қолдануға болады тіпті қарапайым ғана бір түзу сызықты бет қоршаған ортаның барлық салаларын қамтиды. Осы келтірілген мысал соған айғақ. Барлық беттерді қарастырып олардың қандай формада екенің және қандай қасиеттері бар екенің қарастырдық. Әсіресе гиперболалық параболоид бетін анық қарастырдық. Атақты гиперболалық параболоид кресло, гиперболалық параболоид мүсін және біз қарастырған гиперболалық параболоид формасы және оның шағын сәулет формарында қолдану.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Иванов Г.С. Конструирование технических поверхностей – М.: Машиностроение, 1987.- 192 с.
2. Красильникова Г. А. Начертательная геометрия и инженерная графика. Краткий курс лекций по начертательной геометрии: учеб. пособие / Г.А. Красильникова, М.С. Кокорин. Н.С. Иванова. - СПб.: Изд-во Политехн. ун-та, 2016. - 88 с
3. Онлайн ресурс; URL: <https://archello.com/product/parabola-chair>

ӨОК712. 41.3

АДАМНЫҢ ТҮСТІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАБЫЛДАУЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ержанқызы Айгерім

aygerim.yerzhankyzy@mail.ru

Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУнің «Дизайн және ИГ» кафедрасының студенті,

Күнделікті өмірде біз аса мән бере бермейтін «түстердің» адам психологиясына айтарлықтай ықпалы бар екендігін бүгінде дүниежүзілік ғалымдар дәлелдеп шықты. Сіздің таңдаған түсіңіз айналаңыздағыларға сіз туралы көп мәліметті беріп тұрады. Мәселен, жасыңызды, мәдениет деңгейіңізді, біліміңізді, ерекшеліктеріңізді, мінезіңізді сіз жиі қолданатын түске қарап-ақ байқауға болады. Сондықтан да, төменде ұсынылған түстер психологиясын оқи отырып, жақындарыңыз туралы мәлімет алуға немесе айналаңыздағы адамдардың сізге деген оң пікірін тудыра отырып, өз стильіңізді, бедел-бейнеңізді қалыптастыруға мүмкіндігіңіз бар.

Бояу мен түстерді таңдап пайдаланудың қазақ халқының этнографиялық тарихымен байланысты символдық мәні болған. Әрбір халық түрлі символдық мәнге ие. Фон және суреттердің түсі жөніндегі шешімдер композициялы болып келеді. Қазақта кейбір түстердің мынандай символдық мәні бар: көк түс – аспанның символы, қызыл түс – оттың, күн көзінің символы, ақ түс – ақиқаттың, қуаныштың, бақыттың символы, қара түс – жердің символы, жасыл түс – жастықтың, көктемнің символы. Затты осы түстердің бірімен бояғанда оған белгілі мән беріледі.

Қазақ өрнектерінде түстердің орналасуының өзіндік тәртібі бар. Мысалы: кестелі ұлт киімдерінде қара барқыт, көк барқыт негізгі түс (фон) ретінде көп пайдаланылған. Сары және қызыл жіптер негізгі түстер үшін ұнамды болып есептеледі. Ал қара түспен әшекейлеу сирегірек кездеседі., олар тек сырмаққа, аяққапқа, сандыққапқа, басқа оюлар мен күміске жүргізген.

Қарама-қарсы түстер гаммасы мерекелік, жайдары, көтеріңкі көңіл күй туғызатындай әсер береді. Қарама-қарсы түстер бір уақытта жылы да, суық та бола алады. Олар бір-бірінің түстік әсерлігін күштейді.

Жақын түстер гаммасы сабырлықты, ұстамдылықты білдіреді. Осы түстер гаммасында жазылған шығармалар тылсым тыныштық әсерін туғызады. Жақын түстер гаммасы тек жылы немесе суық болады.

Ғалым – натуропат-валеолог Джеймс Адамонның адамдардың қан тобына байланысты түстердің жүйесі:

Сарғыш	
Қызыл	
Қара қышқыл	О (I) топ
Көгілдір	А (II) топ
Жасыл	
Қызыл	
Сарғыш	
Көгілдір жасыл	В (III) топ
Күлгін Көгілдір	АВ (IV)
Жасыл	



АҚ түс көп жағдайда жарық, қауіпсіздік пен тазалықты білдіреді. Сондайақ бұл түс ізгілік, пәктік пен мінсіздік сияқты қасиеттермен байланыстырылады. Киелі кітапта ақ түс өте көп

колданылған. Мысалы, аяндарда әділдік пен рухани тазалыққа баса назар аудару үшін ақ киім киген адамдар мен періштелер көрсетілген.

Қызыл түс – өмірлік энергия түсі. Қызыл – түстердің ішіндегі ең жылы түс. Адамның өмірге деген талпынысын күшейтеді, адам ағзасындағы қан айналым жүйесін жақсартады. Бұл түсті сөзшең адамдар таңдайды, және еркектердің көпшілігіне ұнайды. Екінші жағынан қызыл түс күш пен қызбалықтың белгісі. Қытайда қызыл түс байлық пен дамудың белгісі саналады. Табиғатта адамдар қызыл түсті қарама-қарсы жыныс өкілдерін өздеріне көңіл аударту үшін қолданады /ер адамдар әйелдерді, әйелдер ерлерді/. Бұл түсті таңдайтын адамдар күшті, қайсар болып келеді. Кей жағдайда кек қайтаруы да мүмкін. Әдетте, бұл түс ашық мінезді адамдарға тән.

Сары түс – адамның ойлау, тез қабылдау қабілетін жақсартады. Өз өзіне сенімсіз, ұялшақ адамдарға оң әсерін тигізеді. Әдетте, бұл түс қуаты мол, көп сөйлейтін, әртістік өнерге, шығармашылыққа жақын адамдарға тән. Сары түсті киім адамға сарғыш түс сияқты әсер етеді. Шамалы әлдендіріп, интеллектуалды жұмыста көмектеседі. Жаңа идеялар мен адамдардың көзқарасын оң қабылдауға жәрдемдеседі. Оптимизм түсі. Шабыт пен рақымшылық сезімін арттырады.

Жасыл түс – нағыз гармониялық түс. Өз-өзін сыйлау, табандылық, тұрақтылық пен табиғилық түсі. Өз-өзімен шынайы адамның, тектіліктің белгісі. Адамның нерв жүйесін тыныштандырады. Бұл түс біреудің қуаныш, ренішіне ортақтаса білетін, әділетті, өзін өзі басқара алатын, достары көп адамдарға тән. Бұл түсті ұнататын адамдар тұрақты, сенімді болып келеді. Бұл түсті кез келген жерде қолдана беруге болады. Жасыл түсті киім кисеңіз, сіз кез келген ортада тек жақсы жақтан ғана көзге түсесіз.

Көк түс – арманыңыздың орындалуына әсер етеді. Бұл түс – шындықтың, біреуге деген сенім адалдығының белгісі ретіндегі түс. Егер сіз біртоға, ешкімнің қолы жеткізсіз көрінгіңіз келсе, көк түсті киім таңдаңыз. Бұл түс кездесуге барғанда өте ыңғайлы. Беріктік пен игіліктің, тұрақтылыққа ұмтылыстың белгісі. Бұл түс бір уақыт өмірдің мәнін іздеуге, өз ойларыңды ретке келтіруге итермелейді. Кері әсері: Ойларды ауырлатып, еркіндікті тыяды. Қара түс – жұмбақ, құпия түс.

Қара түс – тәуелсіздіктің белгісі. Бұл түсті араласатын ортасында өзінің лайықты орны бар адамдар ұнатады. Тәуелсіз, беделді көрінгіңіз келсе, қара түсті киім таңдаңыз. Элеганттылық сезімін арттырады. Кері әсері: Қара түстің аса көп мөлшерде пайдалану күйзеліске, енжарлыққа душар етуі мүмкін.

Қоңыр түсті көбінесе шыдамды, байсалды жандар ұнатады. Ешкімге тәуелсіз, өзінің ойынан қайтпайтын адамдар қалайды. Кейде олармен араласқанда ойын анық түсіну мүмкін емес. Бұл түс қиыншылықты жеңуге көмектеседі. Мінездегі тұрақтылық, еркіндік пен сабырлықтың көрінісі іспеттес. Қарым-қатынас жосығы мен тұрақтылығын ойлайтын адам көбіне осы түсті таңдайды. Кері әсері: жабырқау сезімін ушықтырады. Өзгелерден энергия іздеуге мәжбүрлейді. Екінші пландағы адам болуға итермелейді.

Сұр түсті сақ адамдар жақсы көреді. Олар еңбекқор, жұмыста марапатқа ие болмаса да жұмысын тоқтатпай, жалғастыра береді. Сұр түске құмарларға бала күнінде ерекше көңіл бөлінбегенін аңғаруға болады. Сондықтан өзін көрсетуге келгенде тым жасқаншақ. Ол мұны қалыпты жағдай деп түсінеді.

Аралас түстер:

Көк-қара – тыныштық.

Сұр-көк - сабырлық, немқұрайлылық.

Көк-қызыл қоңыр – өз жағдайын өзі жасап алу.

Көк-күлгін – нәзіктікке талпыныс.

Көгілдір - түсінуге деген құлшыныс, айналасын махаббатқа бөлеу.

Қоңыр-қызыл – белсенділік.

Табиғатта жылы және суық түстер ғажайып үйлесім тапқан. Шөлдің сары құмы мен көгілдір аспан және Антрактида мұзы, көлдер мен теңіздердің көк суы және күн батқан сәттегі қызғылт түсті тау шыңдары. Жануарлар мен өсімдіктер әлемі де жылы және суық түстерден тұрады. Осы жылы және суық түстердің өзі реңктерге бөлінеді. Реңк – бұл бір түстің бірнеше түрге түрленуі. Әрбір бояу түстерінің көптеген реңктері болып табылады. Егер кез келген түстер реңктерінде сары немесе

қызыл түс басым болса, онда реңктер жылыға жатады. Табиғаттың төрт мезгілінде де осы түстердің, яғни жылы және суық түстердің барлығын көруге болады. Мысалы: алтын күз мезгілін алсақ, жылы түстерді табуға болады. Бұл кезде айнала қоршаған өсімдік әлемі сары түске, қызыл түске еніп, сұлулық мекеніне айналады. Ал, қыс мезгілін алсақ айнала аппақ қар, көгілдір мұз суық ауарайы барлығы қатқыл, қатал көрініс тауып суық түске енеді. Көгілдір жалғыздықты, қамығушылықты, депрессияны, білгірлікті, сенімділікті және берілгендікті білдіреді. Ең алғаш іс көрісулеріне барғанда көк киім киіп барған дұрыс дейді мамандар. Көк киім сіздің шешім қабылдауда батыл, жанкешті, тәуекелшіл екендігіңізді айғақтайтын көрінеді. Көгілдір рең көп қолданылатын, кең таралған реңдердің бірі. Алайда солай екен деп оны кез-келген жерге жапсыра бермеген жөн дейді. Әсіресе ас бөлмесіне жолатпау керек. Өйткені көгілдір түс тамаққа деген тәбетті жоғалтады екен. Торт, түрлі тәттілердің де ішіне көгілдір түс араластыруға болмайды. Өйткені көгілдір түсті көрген кезде адам санасында көгерген, бұзылған тағамдар елес береді де, ол дереу әлгі тағамға деген тәбетті жояды. Көгілдір түсті бөлмеде еңбек ету нәтижелі көрінеді. Аталмыш реңді бөлмеде сынақ тапсырған студенттер жоғары нәтижелер көрсетсе, штанга көтеретіндер өз мүмкіндігінен біршама ауыр салмақты көтере біледі екен. Көгілдір реңмен жазылған жазулар да есте жақсы сақталады екен.

Жасыл көпшілік ұғымында қарым-қатынасты білдіреді. Бірақ жалпыға ортақ таным бойынша табиғатты және жастықты бейнелейді. ЖАСЫЛ – адамға сенімділік береді. Кабинет және сіз жұмыс жасайтын орын үшін тамаша түс. Ол белсенділік пен табандылық береді.

Көз үшін өте пайдалы. Сонымен қатар тыныштандырады, жүйке жүйелеріне жағымды әсер береді. Телевизорда эфирге шығардың алдында адамдарды толқымасы үшін жасыл бөлмеге кіргізіп күттіретін көрінеді. Аталған рең сондай-ақ ауруханаларда да емшелушілердің сабырсызданбасы үшін көп қолданылады екен. Қоңыр топырақтың және ағаш, тақтаның реңі. Төзімділік және сенімділік береді. Қоңыр табиғи, тыныш, жайлы, ашық бір атмосфераны қамтамасыз етеді. Көбінде еркектердің сүйікті реңі. Кейде кейбір тондардың ескірген, оңған түрі секілді де әсер береді. Айтпақшы қоңыр реңкке байланысты зерттеулердің соңы мынадай нәтижеге ұласыпты: Бір өнер музейінің қабырғаларын қоңырға бояғанда музейді тамашалаушылар тез-тез аралап, ол арадан жылдам аяқтарын жалтыратыпты. Ал ақпен боялғанда көрушілер ұзақ уақыт аралаған. Сондықтан дүниедегі фаст фуд ресторандары үстел, орындықтарын дереу қоңыр түске ауыстырған көрінеді. Расымен де, ақ қабырғалы фаст фуд ресторандарын кездестіру қиын. Алқызыл (розовый) романтиканың және нәзіктіктің, әсемдіктің реңі. Тыныштандырады. Жайландырады және жүректі жұмсартады. Түрме торларын ал қызылға бояғанда түрмедегілердің арасында агрессивті әрекеттер азайған. Адам ашуланғысы келсе де алқызыл түстің қасында онысы оңайға түспейтін көрінеді. Жүректің тамырлары жылдам әрекет ете алмайды екен. Аталмыш түс энергиянды басатын тыныштандыратын, персен дәрісі секілді көрінеді. Тіптен рең соқырлары, яғни реңге мән бермейтіндердің өзі сабырлы қалыпқа түседі екен. Алайда соңғы зерттеулерге сүйенсек, өкініштісі сол, мұның әсері қысқа бір сүреге ғана созылады екен. Ағза бұрынғы халіне келгенде бұрынғысынан әлдеқайда агрессивті болады екен.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бейнелеу өнері оқулығы Айдарова З. 2010.- 145 б.
2. Қазақ энциклопедиясы I том 2010.- 38 б.
3. Ералин Қ, Займоглу Ө. «Бастауыш сыныпта бейнелеу өнерін оқыту» әдістемесі. Оқу құралы. Түркістан. Тұран. 2009. – 56 б.
4. Интернет желісі; «Түстер психологиясы» 2008.- 45 б.
5. Интернет желісі; «Жасыл дәріхана» 6. Балалар Энциклопедиясы, II- том

ӨОК 712.41.3

ИНТЕРЬЕР ДИЗАЙНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ МАТЕРИАЛДАР

Жайлыбаева Ділназ Анарбекқызы

akbota.aidarbekova@bk.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Дизайн оқту бағдарламасының 3 курс студенті